

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы « 29 » мамырдағы
№ 331 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 6 сәуірдегі
№ 173 қаулысымен
бекітілген

**Бензин (авиациялық бензинді қоспағанда) мен дизель отынына арналған
акциздер мөлшерлемелері**

P/c №		1 тоннаға акциздер мөлшерлемелері (теңгемен)	
		Бензин (авиациялық бензинді қоспағанда) (ЕАЭО СЭҚ ТН коды 2710 12411 0- 2710 12590 0)	Дизель отыны (ЕАЭО СЭҚ ТН коды 2710 19310 0- 2710 19 480 0)
1	2	3	4
1.	Өндірушілердің өздері өндірген бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын көтерме саудада өткізуі (шілде – қараша)	10 500	9300
2.	Өндірушілердің өздері өндірген бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын көтерме саудада өткізуі (желтоқсан – маусым)	10 500	540
3.	Жеке және заңды тұлғалардың бензинді (авиациялық	0	0

1	2	3	4
	бензинді қоспағанда) және дизель отынын көтерме саудада өткізуі		
4.	Өндірушілердің бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын бөлшек саудада өткізуі, өздерінің өндірістік қажеттілігіне пайдалануы (шілде – қараша)	11000	9360
5.	Өндірушілердің бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын бөлшек саудада өткізуі, өздерінің өндірістік қажеттілігіне пайдалануы (желтоқсан – маусым)	11000	600
6.	Жеке және заңды тұлғалардың бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын бөлшек саудада өткізуі, өздерінің өндірістік қажеттілігіне пайдалануы	500	60
7.	Импорт	10 500	540
8.	Салық кодексінің 462-бабының 5) тармақшасында көрсетілген алыс-беріс шикізатын өңдеу өнімі болып табылатын акцизделетін тауарларды беру (шілде – қараша)	10 500	9300
9.	Салық кодексінің 462-бабының 5) тармақшасында көрсетілген алыс-беріс шикізатын өңдеу өнімі болып табылатын акцизделетін тауарларды беру (желтоқсан – маусым)	10 500	540

Бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) бөлшек саудада өткізген кезде көлемнің өлшем бірлігі литр болған жағдайда, литрден тоннаға көшіру мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$M = \frac{V \times 0,730}{1000}, \text{ мұндағы:}$$

M - өткізілген бензиннің (авиациялық бензинді қоспағанда) тоннамен есептегендегі көлемі;

V - өткізілген бензиннің (авиациялық бензинді қоспағанда) литрмен есептегендегі көлемі;

0,730 - бензиннің (авиациялық бензинді қоспағанда) барлық түрлері үшін тығыздық көрсеткіші, кг/литр.

Дизель отынын бөлшек саудада өткізген кезде көлемнің өлшем бірлігі литр болған жағдайда, литрден тоннаға көшіру мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$M = \frac{V \times 0,769}{1000}, \text{ мұндағы:}$$

M - өткізілген дизель отынының тоннамен есептегендегі көлемі;

V - өткізілген дизель отынының литрмен есептегендегі көлемі;

0,769 - дизель отыны үшін тығыздық көрсеткіші, кг/литр.

Ескертпе: тауар номенклатурасы ЕАЭО СЭҚ ТН кодымен және (немесе) тауардың атауымен айқындалады.
